	кеңістікті бағдарлау дағдыларын қалыптастыру Күтілетін нәтиже: Жасайды: кинезиологиялық гимнастика, қысқа секіртпеден секіру. Түсінеді: ұдайы жаттығудың қажеттігі, шапалақ ұрған соң допты қағып алып үлгеру, табанымен жерге салынған бауды дұрыс басу. Қолданады: доп лақтыру, доп қағу, тепе-теңдік сақтау, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру, педагог нұсқауын түсініп, дұрыс орындау, кеңістікті бағдарлай алу дағдылары. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Шеңберге шапшаң тұра қал!» Шеңберге шапшаң тұру, бастапқы қалыпқа дұрыс келу, белгіленген жерге тұру: алдына-артына, оңына-солына. Кинезиологиялық гимнастика Құлақ сырғалығын уқалау. Құлақтарды уқалаймыз, Сипалаймыз, мыжғылаймыз... Іс-әрекет: Алдымен құлақтарының сырғалығын, құлағын толық уқалайды. Басын шайқау. Басымызды шайқаймыз, Шайқалмаймыз, байқаймыз! Іс-әрекет: Иықтарын жазып, көздерін жұмып, бастарын төменқаратып салбыратады. Терең демалып, бастарын	әзірміз» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров) «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіс күні» Б. Бейсенова (үнтаспада) «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова) Билер: «Полька» эстон халық биі Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншак» (С. Урбах) Күтілетін нәтиже: Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Балалар марш екпінімен түзу жүріп, ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқпен келесі аяққа секіртпелі қимыл жасап, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіріп (боковой галоп), қимылдар жасайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова). Балалар шеңбер бойында жүріп, аттың шабысын музыкамен жасайды. Жеңіл, ойнақы қимылдайды. Балалармен Отан қорғаушылар – ұландар туралы интерактивті тақтадан көріністер көру. Музыка тыңдау: «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев). Музыка тыңдап, қандай	күрсақ тығыршығын жаттықтыру. Түсінеді: жұппен жүру, жүгіру, арқанның астынан өткенде қолданылған тәсілдерге байланысты денесімен жинақталып жұмырлану, екі аяқпен бірдей итеріліп секіру, секіргенде қолдарымен сермеп көмектесу, ойындағы рөлдік әрекеттер, қимылдардың орындалу реті, өз мүддесі мен команда мүддесін ұштастыра білу. Қолданады: екі аяқпен ілгері қарай секіруді, қолға доп ұстап керілген арқанның астынан өтуді, жұпта келісімді әрекет етуді, өз ойын айту және дәлелдей білу дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Балалар марш екпінімен түзу жүріп, ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқпен келесі аяққа секіртпелі қимыл жасап, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіріп (боковой галоп), қимылдар жасайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова). Балалар шеңбер бойында жүріп, аттың шабысын музыкамен жасайды. Жеңіл, ойнақы қимылдайды. Балалармен Отан қорғаушылар – ұландар туралы интерактивті тақтадан көріністер көру. Музыка тыңдау: «Ел қорғауға әзірміз»	тыңдау: «Ел қорғауға әзірміз» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров) «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жеңіс күні» Б. Бейсенова (үнтаспада) «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова) Билер: «Полька» эстон халық биі Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың х.ә. (өңдеген М. Раухвергер) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншак» (С. Урбах) Күтілетін нәтиже: Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: Балалар марш екпінімен түзу жүріп, ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқпен келесі аяққа секіртпелі қимыл жасап, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіріп (боковой галоп), қимылдар жасайды. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ағаш ат» (Б. Қыдырбекова). Балалар шеңбер бойында жүріп, аттың шабысын музыкамен жасайды. Жеңіл, ойнақы қимылдайды. Балалармен Отан қорғаушылар – ұландар туралы интерактивті тақтадан көріністер көру. Музыка тыңдау: «Ел қорғауға әзірміз»	Түсінеді: жұппен жүру, жүгіру, арқанның астынан өткенде қолданылған тәсілдерге байланысты денесімен жинақталып жұмырлану, екі аяқпен бірдей итеріліп секіру, секіргенде қолдарымен сермеп көмектесу, ойындағы рөлдік әрекеттер, қимылдардың орындалу реті, өз мүддесі мен команда мүддесін ұштастыра білу. Қолданады: екі аяқпен ілгері қарай секіруді, қолға доп ұстап керілген арқанның астынан өтуді, жұпта келісімді әрекет етуді, өз ойын айту және дәлелдей білу дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу деңгейі: «Ол – мен, ол – мен, Және менің достарым!» Еңбегімен өз үйін көркем етер кім екен? Қалам, дәптер, кітабын жинап қояр кім екен? Айтыңдаршы, таңертең жуынбаған кім екен? Тапсырманы үйдегі орындаған кім екен? Бір сағаттай сабаққа кеш келетін кім екен? Терезені доп соғып сындыратын кім екен? Ал шынығып, жаттыққанды ұнататын кім екен? Шеңберге тұрып, сұрақтарға жауап береді: «Ол – мен, ол – мен және менің достарым!» Қимыл-қозғалыс ойыны:
--	--	---	--	--	---

	екіжаққа баяу қозғалтады. Бас изеу. Бас изейміз, жақсылықты қостаймыз, Мамандықты қасымызға қоспаймыз! Іс-әрекет:Бастарын баяу бір жақ иығына қарай апарып, алдыға- артқа қозғалтып, изей бастайды. Екі иығына кезек-кезекапарып, изейді. Еркін тыныс алады. Мойын-иек. Басты төмен түсіріп, Айналдырып шайқаймыз! Іс-әрекет:Иектерін мүмкіндігінше төмен түсіреді. Иықтарын босатады. Көздерін бақырайтып, иықтарын көтеріп, бастарын екі жаққа кезек-кезек қисайтып қозғалтады. «Алақан». Алақанды қысамыз, Күшті болсын қолымыз! Іс-әрекет:Сол қол саусақтарын жазып, алақанында орналасқан зейінді шоғырландыру нүктесіне оң қолдың бас бармағымен аздап басады. Басып тұрып демін ішіне тартады, бармағын босатқанда демін сыртына шығарады. «Зейін» Зейін қойып ойнаймыз, Алақан қыспай қоймаймыз! Іс-әрекет:Сол аяғын тізесін бүгіп (өте биік емес) жоғары көтередіде, оң қолының басын (шынтағын) сол аяғының тізесіне тигізеді.	әсерде болғандарын сұрап, балалармен сұхбаттасу, әсерлерімен бөлісу. Өн айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Түсіну деңгейі: Ән айту: «Балаларды қорғаймыз» (А. Досмағанбет). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларды кімдер қорғайды? Өскенде сендер Отанымызды қорғайтын, кішілерге қамқор, нағыз батыр боласындар. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Өткен оқу қызметтерінде үйренген әндерді еске түсіру. «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров), «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) әндерін еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Қолдану деңгейі: Билер: «Теңізшілер биі» («Билеп үйренейік» жинағынан). Биге ұл балалар қатысады. Музыка ырғағына ілесе, қолдарын шекелеріне қойып шығады, аяқты бүкпей тік ұстап, бинокльмен қарап, ескек есіп, отырып-тұру қимылдарын жасайды. Ойындар, хороводтар:	сұрақтарға жауап береді: «Ол – мен, ол - мен және менің достарым!» Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жұбыңды тап», Екі-екіден сапқа тұру. Сапта жүгіру – бір-бірінің қимылдарын байқап, өз қимылдарын үйлестіре білу.Түрлі түсті орамалдарды алып, сол орамалдардың түстеріне қарай жұпқа тұрады. Жұбынбіліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді. Қайтадан «1,2,3 – жұбыңды тап!» – деп белгі берілгенде қайта жұп құрып, тізбекке тұра қалады.Жүру мен жүгіруді Педагогтің белгісі бойынша ауыстырып орындайды. Қозғалыс бағытын өзгертпейді. Залдың ортасында екіден тізбекке тұрады. Түсіну деңгейі: Жұпта орындалатын құрсақ тығыршығына арналған жаттығулар – қолдарын басыныңартына қойып, шалқасына жатып орындалады (5 рет). Жұптағы бірінші бала қолдарын басының артына қойып, шалқасына жатып, екінші балаоның аяқтарын басып, ұстайды. Жаттығуды орындағанда екеуі де үйлесімді қимылдап, дұрыс тыныс алуға назар аударады. Негізгі қимыл-	(К. Қуатбаев). Музыка тыңдап, қандай әсерде болғандарын сұрап, балалармен сұхбаттасу, әсерлерімен бөлісу. Өн айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Түсіну деңгейі: Ән айту: «Балаларды қорғаймыз» (А. Досмағанбет). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларды кімдер қорғайды? Өскенде сендер Отанымызды қорғайтын, кішілерге қамқор, нағыз батыр боласындар. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Өткен оқу қызметтерінде үйренген әндерді еске түсіру. «Момышұлы Бауыржан» (Е. Өміров), «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева) әндерін еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Қолдану деңгейі: Билер: «Теңізшілер биі» («Билеп үйренейік» жинағынан). Биге ұл балалар қатысады. Музыка ырғағына ілесе, қолдарын шекелеріне қойып шығады, аяқты бүкпей тік ұстап, бинокльмен қарап, ескек	«Жұбыңды тап»,Екі-екіден сапқа тұру. Сапта жүгіру – бір-бірінің қимылдарын байқап, өз қимылдарын үйлестіре білу. Түрлі түсті орамалдарды алып, сол орамалдардың түстеріне қарай жұпқа тұрады. Жұбынбіліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді. Қайтадан «1,2,3 – жұбыңды тап!» – деп белгі берілгенде қайта жұп құрып, тізбекке тұрақалады.Жүру мен жүгіруді Педагогтің белгісі бойынша ауыстырып орындайды. Қозғалыс бағытынөзгертпейді. Залдың ортасында екіден тізбекке тұрады. Түсіну деңгейі: Жұпта орындалатын құрсақ тығыршығына арналған жаттығулар – қолдарын басыныңартына қойып, шалқасына жатып орындалады (5 рет). Жұптағы бірінші бала қолдарын басының артына қойып, шалқасына жатып, екінші балаоның аяқтарын басып, ұстайды. Жаттығуды орындағанда екеуі де үйлесімді қимылдап, дұрыс тыныс алуға назар аударады. Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастырып орындау: «Баскетбол» – допты еденге оң қол, сол қолды алмастырып соғу. (4 рет) Нұсқау – допты шапалақтамай, саусақтарын
--	---	---	--	--	--

	Осы жаттығуды екі аяғымен кезектестіріп орындайды. «Бәйтерек» Тез өсіп келеміз, Көк аспанға жетеміз! Іс-әрекет: Жүрелеп отырып басын тізесінің арасына жасырады. Тізелерін қолмен құшақтайды. Бұл ақырындап өнетін дән. Дәннен үлкен бәйтерек өсіп шығады. Балалар баяу ашылып, қолдарын жазып, жоғары көтеріп, өсіп келе жатқан ағашты келтіреді. Кенет жел соқты. Денелерімен тербеліп, желге шайқалғанды келтіреді. «Сүңгуір» Сүңгуір боп сүңгіміз, Теңіз түбін барлаймыз, Меруерт іздеп шарлаймыз! Іс-әрекет: Қолдарын созып шалқалап жатады. Белгі берілгенде қолдарын, аяқтарын, бастарын бір мезетте жоғары көтереді. Осы қалыпта мүмкіндігінше ұзақ тұруға тырысады. «Дамылда» Сен тыныштал, дамылда, Әндетейік ыңылдап! Іс-әрекет: Бас бармағын ішіне бүгіп, жұдырықтарын түйеді. Демін сыртқа шығарғанда қолдарын асықпай қыса түседі, ішіне тартқанда босата бастайды. Жаттығу екі қолымен бір мезгілде орындалады. Түсіну деңгейі: Ойын жаттығуы: «Ойна, ойна, доптан жаңылып қалма!». (10 рет) Допты жоғары лақтырып,	«Алтын қақпа» (Т. Сарыбаева). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар жұптасып, бір-біріне қарап тұрады. Көңілді әуен ойналып, балалар жұптарымен қол ұстасқан күйі "Алтын қақпа" жасап, бір қатарға тұра қалады. Ойын бастаушы немесе тәрбиеші ойынды жалғастырады. Әуен ойналғанда қақпа ортасымен өтіп, өзіне жұп таңдап алып, қақпаның соңына тұрады. Жұпсыз қалған бала дәл солай ойынды жалғастырады. Кенеттен әуен тоқталады, жұп тауып үлгермеген бала өз айыбын өнер көрсетіп өтейді. Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (И. Штраус). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды.	қозғалыстарды алмастырып орындау: «Баскетбол» – допты еденге оң қол, сол қолды алмастырып соғу. (4 рет) Нұсқау – допты шапалақтамай, саусақтарын жазып, ақырын ғана алақанмен үстінен басып барып жерге ұру. Негізгі қимыл-қозғалыстарды топтарға бөлініп орындайды: допты еденге оң қол, сол қолды алмастырып соғады. Допты шапалақтамай, саусақтарын жазып, ақырын ғана алақанмен үстінен басып барып жерге ұруға тырысады. Допты тізесіне қысып алып, секіріп, 3 метр қашықтыққа ілгерілеу. Екі аяқпен бір мезетте шапшаң итеріліп, қолдарын сермеп көмектесуге назар аудару. Жаттығу кезінде секіру мен астынан өтуді алмастырып тізбекпен орындайды: Допты тізесіне қысып алып, 3 метр қашықтыққа секіріп барады. Қолына доп ұстап түрлі тәсілдермен керілген арқанның астынан өту – өту тәсіліне байланысты аяқ-қолдарын жинап жұмырлану. (4 рет) Секіруді орындаған соң, қолына доп ұстап түрлі тәсілдермен керілген арқанның астынан өтеді.	есіп, отырып-тұру қимылдарын жасайды. Ойындар, хороводтар: «Алтын қақпа» (Т. Сарыбаева). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар жұптасып, бір-біріне қарап тұрады. Көңілді әуен ойналып, балалар жұптарымен қол ұстасқан күйі "Алтын қақпа" жасап, бір қатарға тұра қалады. Ойын бастаушы немесе тәрбиеші ойынды жалғастырады. Әуен ойналғанда қақпа ортасымен өтіп, өзіне жұп таңдап алып, қақпаның соңына тұрады. Жұпсыз қалған бала дәл солай ойынды жалғастырады. Кенеттен әуен тоқталады, жұп тауып үлгермеген бала өз айыбын өнер көрсетіп өтейді. Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (И. Штраус). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды.	жазып, ақырын ғана алақанмен үстінен басып барып жерге ұру. Негізгі қимыл-қозғалыстарды топтарға бөлініп орындайды: допты еденге оң қол, сол қолды алмастырып соғады. Допты шапалақтамай, саусақтарын жазып, ақырын ғана алақанмен үстінен басып барып жерге ұруға тырысады. Допты тізесіне қысып алып, секіріп, 3 метр қашықтыққа ілгерілеу. Екі аяқпен бір мезетте шапшаң итеріліп, қолдарын сермеп көмектесуге назар аудару. Жаттығу кезінде секіру мен астынан өтуді алмастырып тізбекпен орындайды: Допты тізесіне қысып алып, 3 метр қашықтыққа секіріп барады. Қолына доп ұстап түрлі тәсілдермен керілген арқанның астынан өту – өту тәсіліне байланысты аяқ-қолдарын жинап жұмырлану. (4 рет) Секіруді орындаған соң, қолына доп ұстап түрлі тәсілдермен керілген арқанның астынан өтеді. Өту тәсіліне байланысты аяқ-қолдарын жинап жұмырланады. Арқанды басымен де, доппен де іліп кетпеуге тырысады. Арқаннан өткен соң жүгіріп барып құрсаудан айналып өтіп, орындарына қайта тұра қалады. Қолдану деңгейі:
--	--	---	--	---	---

	қолдарымен арт жағында шапалақ ұрып барып қайта қағып алу. Шапалақ ұрып үлгеру үшін допты жоғарырақ лақтыруға тырысады. Допты қайта қаққандасаусақтарын еркін ұстайды. Тепе-теңдік сақтау – бұралаңдап қойылған баудың үстімен қолдарын екі жаққа жазып, артпен жүру. Денесін тік ұстауы мен табанын баудың үстіне дұрыс қойып, тепе-теңдік сақтауына назар аудару. Бұралаңдап қойылған баудың үстімен қолдарын екі жаққа жазып, артпен жүргенде денесін тік ұстап, табанын баудың үстіне дұрыс қояды. Әдемі қимылдап жүруге тырысады. (4 рет) Қолдану деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Теңіз толқиды» (3 рет). Ойыншылардың ішінен жүргізуші сайланады. Басқалары бір адым қашықтық ұстап, шеңбер бойымен тұрады. Олардың әрқайсысы тұрған жерінде шеңбер сызады. Жүргізуші балалардың арасымен «жыланша» аралап жүреді. Қай баланың қасына келіп: «Теңіз толқиды» деп айтса, сол бала орнынан тұрып, артынан еріп, тізбек құрайды. Бірнеше бала қосылып, тізбек ұзарғанда кенет: «Теңіз тыныш» десе, барлығы өз орындарына жүгіреді. Шеңберіне тұра		Өту тәсіліне байланысты аяқ-қолдарын жинап жұмырланады. Арқанды басымен де, доппен де іліп кетпеуге тырысады. Арқаннан өткен соң жүгіріп барып құрсаудан айналып өтіп, орындарына қайта тұра қалады. Қолдану деңгейі: Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күн мен түн» (Өзірбайжан халқының ойыны) (4 рет) Бір-бірінен белгілі бір қашықтықта екі сызық сызылады. Бір сызыққа ұлдар, екінші сызыққа қыздар тұрады. Жүргізуші орталарына тұрады. Ұлдар тобы – «түн», ал қыздар тобы – «күн». Жүргізуші белгісімен ойын басталады: «Түн!» дегенде, қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде, ұлдар қыздарды ұстап алуға тарасады. Ұсталғандар қарсыластарының командасына көшеді. Көзге арналған гимнастика: «Көркем көбелек». Әр оқушы жіңішке шыбыққа тағылған көбелекті алып, онымен әуеде сурет сала бастайды (шеңбер, сынық сызықтар, сопақ, шаршы т.б.), бастарын бұрмай көбелекті тек көзімен жүргізеді. Көздерін 1-2 секунд жұмып тұрап, ашып		Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күн мен түн» (Өзірбайжан халқының ойыны) (4 рет) Бір-бірінен белгілі бір қашықтықта екі сызық сызылады. Бір сызыққа ұлдар, екінші сызыққа қыздар тұрады. Жүргізуші орталарына тұрады. Ұлдар тобы – «түн», ал қыздар тобы – «күн». Жүргізуші белгісімен ойын басталады: «Түн!» дегенде, қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде, ұлдар қыздарды ұстап алуға тарасады. Ұсталғандар қарсыластарының командасына көшеді. Көзге арналған гимнастика: «Көркем көбелек». Әр оқушы жіңішке шыбыққа тағылған көбелекті алып, онымен әуеде сурет сала бастайды (шеңбер, сынық сызықтар, сопақ, шаршы т.б.), бастарын бұрмай көбелекті тек көзімен жүргізеді. Көздерін 1-2 секунд жұмып тұрап, ашып қалып, тез-тез жыпылықтата бастайды. Сосын көздерін қайта жұмып, көзінің қабағын мұрнына қарай сипайды. «Көркем көбелек, Бізді желпіп кет! Көркем көбелек, Көзімізді демалтып, Шипа беріп кет! «Дос екен» «Тұрғанымда қысылып Медет берген дос екен; Өз қайғысын ысырып
--	--	--	--	--	---

	алмай қалған ойыншы жүргізуші болады.		қалып, тез-тез жыпылықтата бастайды. Сосынкөздерін қайта жұмып, көзінің қабағын мұрнына қарай сипайды. «Көркем көбелек, Бізді желпіп кет! Көркем көбелек, Көзімізді демалтып,Шипа беріп кет! «Дос екен» «Тұрғанымда қысылып Медет берген дос екен; Өз қайғысын ысырып Көмек берген дос екен; Замандастың жеңісін Көре білген дос екен; Қолындағы жемісін Бөле жеген дос екен; Сынға түскен кездерде Сырын бермес дос екен; Қамыққанын өзгеге Біліндірмес дос екен; Тайғақ заман, тар жерде Қолын берген дос екен; Жолдасына мәреде Жолын берген дос екен». <i>Жанбай Өзденбаев</i>		Көмек берген дос екен; Замандастың жеңісін Көре білген дос екен; Қолындағы жемісін Бөле жеген дос екен; Сынға түскен кездерде Сырын бермес дос екен; Қамыққанын өзгеге Біліндірмес дос екен; Тайғақ заман, тар жерде Қолын берген дос екен; Жолдасына мәреде Жолын берген дос екен». <i>Жанбай Өзденбаев</i>
Серуенге дайындық 11:30-11.35	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету әрі дағдыландыру.				
«Табиғат аясында» Серуен. Танысу, ойындар, еңбек. «Алақай,ойын!» 11:35 – 11:55	Мамыр Серуен кешені № 6 Жәндіктерді бақылау Міндеттері: Мектеп ауласындағы жәндіктерді бақылау жұмыстарын жалғастыру. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: 1.Жәндіктерге нелер жатады? 2.Жәндіктер қандай табиғатқа жатады?	Мамыр Серуен кешені № 7 Құстарды бақылау. Міндеттері: Балалардың құстардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін молайту. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар *Қандай құстарды білесіңдер? *Қыстап қалатын құстарға қандай құстар жатады?	Мамыр Серуен кешені №8 Найзағайлы нөсерлі күнді бақылау. Міндеттері: Ауа райының бақылай білуге, күннің бұлттануына қарап жаңбыр жаууы мүмкін екендігін болжауға үйрету. Бақылау барысы Көркем сөз: «Найзағайлы нөсер» Ө. Ақыпбекұлы	Мамыр Серуен кешені №9 Кемпіркосақты бақылау. Міндеттері: табиғаттың тағы бір әсем көрнісі кемпіркосақ туралы білімдерін тиянақтау. Әсемдікке, әдемілікке баулу. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. -Жарқылдан соң жаңағы, Суға бөкті бар алап. Көкте түрлі жолақты, Өрнек тұрды ғаламат. (кемпіркосақ)	Мамыр Серуен кешені №10 Аула сыпырушының еңбегін қадірлей біл. Міндеттері: Үлкендер еңбегімен таныстыруды жалғастыра отырып, аула қараушы еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз. «Аула тазалықшысы» А. Мендібай. Балабақша ауласында,

	3.Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге? 4.Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге? 5.Мектеп ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма? Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп-ақ. Олардың өз ерекшеліктері, өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады. Балаларға тапсырма: «Құмырсқалар илеуі» тақырыбына бормен сурет салу. Еңбек: Алаңшаны тазалап, түтікті су құбырына біріктіріп, шөптерге су құю. Мақсаты: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу. Табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аққу - қаздар» Мақсаты: белгі берісімен тез жүгіруге жаттықтыру. Жаттығу ойындары: допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға	*Ұшып кететін құстарға қандай құстар жатады? *Біздің ауладан қандай құсты жиі көруге болады? *Құстардың ең көп мекендейтін жері қай жер деп ойлайсыңдар? *Құстардың адамға, табиғатқа қандай пайдасы бар? *Құстар жайлы қандай тыйым сөздерді білесіңдер? Құстар – аса ұшқыр, қанат қауырсындары әдемі табиғаттың ғажайып бір мүшесі. Құссыз орман, көлдердің сәні келмейді. Құстар табиғатқа тек көрік беріп қана қоймайды, орман, бау-бақша зиянкестерін жойып, адамға көп көмегін тигізеді. Құстардың «тазалықшы» ролі де ерекше. Ұсақ құстар аса қатерлі ішек ауруларын тарататын, адам, малға зиян келтіретін көптеген шыбын-шіркейлерді, маса, соналарды жояды. Құстар жазда балапан басып шығарады, оларды өз бетінше өмір сүруге үйретеді. Балапандары аяқтанып, өз беттерінше тамақтанып, қауырсындары қатайып, ұшуға жараған кезден бастап алыс жолға дайындала бастайды. Зерттеу жұмысы. Мектеп ауласындағы торғайларды бақылау. Шықылықтаған дауыстарын тыңдау. Еңбек: Құстар жиі қонатын алаңқайға жем шашу.	Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада көлкіп қақ қалды. Нақыштап жатыр сәулемен, Найзағай экран аспанды. Нұрлана түсті жасыл бақ, Нәрлене түсті атырап. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. Балаларға сұрақтар *Жаңбыр неден пайда болады? *Жаңбыр жауарда бұлт қандай болады? *Жаңбыр неге керек? *Қандай жаңбыр түрлері естерінде бар? (ақ жаңбыр, сылбыр жаңбыр, нөсер жаңбыр, найзағайлы жаңбыр) Зерттеу жұмысы Ауа-райын бақылау. Аспандағы бұлтқа назар аудару. Жаңбыр болуы мүмкін бе? Болса қандай болуы мүмкін? Еңбек Құмсалғыш айналасына шашылған құмдарды, алаңға алып шыққан құралдар мен ойыншықтарды жинау. Мақсаты: Жинақылыққа, тазалыққа баулу. Өздеріне қажетті заттарға мұқият болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Күркеге кім бұрын жетеді?» Мақсаты: Берілген белгі бойынша жылдам жүгіруге жаттықтыру, жеңіске жетуге деген	-Жаңбыр жуды жерімді, Көкте өрмек керілді. (кемпіркосақ) Балаларға сұрақтар *Кемпіркосақ қай уақытта көрінеді? *Кемпіркосақта неше түс болады? Қандай? *Кемпіркосақ жылдың қай мезгілінде көп көрінеді? *Кемпіркосақ сендерге ұнайды ма? Жаңбыр жауып, күннің көзі көрініп тұрған мезгілде аспаннан кемпіркосақты байқауға болады. Ол жаңбыр тамшылары арасынан күннің сәулесі өткен уақытта көрінеді. Жаңбыр тамшылары неғұрлым үлкен болса, кемпіркосақ соғұрлым анық көрінеді. Кемпіркосақта жеті түс бар: қызыл, қызғылт, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін. Бұлар барлық уақытта осы бір ретпен орналасады. Зерттеу жұмысы Жаңбырдан кейінгі аспанды қарау. Бұлттардың қозғалысы. Кемпіркосақ қайда жоғалды? Еңбек Ойын алаңын тазалауға кішкентайларға көмектесу. Мақсаты: Өздерінен кішілерге қамқорлық жасауға, көмек қолын созуға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: Балаларды байқампаздыққа, сақтыққа, батылдыққа, ойын шартын сақтап ойнауға баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. Халық болжамы.	Көмектесем мен де оған, Таң атқаннан кешке дейін, Жинап қоқыс, қағаздарды. Тынбай еңбек ететін Құметтеймін, қадірлеймін, Бар тазалық сақшысы. Еңбексүйгіш адал жанды. Ауланы да тазалайды, Ағашты да бұтайды. Су себеді гүлдерге де, Шаршамайды, тынбайды. Балаларға сұрақтар: *Балалар біздің балабақшамызда кімдер еңбек етеді? *Ал, біздің ауламыздың әсем де, таза болуына кім қарайды? *Аула сыпырушы қандай жұмыстар атқарады? *Біздер ол кісіге қандай көмек көрсете аламыз? Аула сыпырушының да балабақшада өзіндік үлкен орны бар. Ол балабақша ауласының тазалығына, гүлдер мен ағаштардың жақсы өсуіне, аулады сендерге зиян немесе кедергі келтіретін бөгде заттардың болмауына қарайды. Ол кісінің еңбегін дұрыс бағалап, көмектесіп отыруымыз керек. Қажетсіз заттарды кез келген жерге лақтыруға, ауланы бүлдіруге болмайды. Еңбек: аула сыпырушыға көмек жасау: кесілген бұтақтарды, жиналған қоқыстарды тасу. Мақсаты: Үлкендер еңбегін бағалауға, көмек көрсетуге тәрбиелеу. Қимылды ойын:
--	---	---	--	---	--

	жаттықтыру. Халық болжамы: *өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады; *өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі; *бақалар бақылдап тынышталмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады.	<i>Мақсаты:</i> Балаларды құстарға деген қамқоршылық сезімге, табиғатты қорғауға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Құстар аттарын есте сақтауға, аңғарымпаздыққа баулу. Жаттығу ойындары: Қимылдарын дамыту Мақсаты: денені тепе-тең ұстап, гимнастикалық орындықтардағы заттарды аттап етуге жаттықтыру. Халық болжамы: Қарлығаш келсе күн күркірейді. Құстар ұясын күн жаққа қарай салса, жаз салқын болады.	ынталарын арттыру. Жеке жұмыс: Шешуін тап: Бірі құяды----- Бірі жұтады----- Бірі өседі----- Халық болжамы Жаз жаңбырлы болса - қыста қар мол болады, әрі аязды болады. Жаңбыр болар алдында қарлығаштар төмен ұшып жүреді. Қарлығаш жер бауырлап ұшса, жаңбыр болады.	*Кемпірқосақ кешке көрінсе, ертесіне күн ашық болады. *Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе жаз құрғақ болады.	«Итеріспек» <i>Мақсаты:</i> Күштілікке, ептілікке, ойын кезінде бірін-бірі түсіне білуге баулу. Жаттығу ойындары: Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты:</i> кедергілер арасынан, затты құлатпай ирелендеп жүгіруге жаттықтыру. Мақал-мәтелдер: Ердің атын еңбек шығарар. Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті.
Серуеннен оралу 11:55-12:00	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.				
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 12.00 – 12:25	Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі. Жеке жұмыс: Аитжанова Аделя Алтай Сұлтан Архатұлы Әбілмансұр Бала ағзасының сыртқы тітіркендіргіште бейімделуін арттыру. Топтағыдостық қарым-қатынасты нығайта түсу.	Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті Жеке жұмыс: Байтемір Айзере мен Ермекова Айбике Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету.	Сауат ашу негіздері- коммуникативтік, танымдық әрекет Жеке жұмыс: Байтемір Айзере Берікұлы Арнұр Сәйкестендіре білуге, буынға бөлуге, дыбыстардың түрлерін есте сақтауға жаттығулар жасату арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.	Сөйлеуді дамыту- коммуникативтік, танымдық әрекет Жеке жұмыс: Оралхан Жігер Баланың тілдік бейімділігін дамыту.	Қоршаған ортамен танысу- тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбекке баулу. Жеке жұмыс: Байтемір Айзере Табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындары бейнелеу әрекеті, суретті кітаптарды қарау	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Күн мен түн» (Әзірбайжан халқының ойыны) Міндеттері: Қимыл қозғалысын түзетуді, әрекет ету тапқырлығын дамыту. Дағды: Ойын ережелеріне	Танымдық-қимылды ойын Дидактикалық ойын: «Мен бастаймын, сен аяқта» Міндеттері: Талдау, салыстыру, қарапайым	Дидактикалық дыбыстық жаттығу: «Сөйлем құрай аламын» Міндеттері: Сәйкестендіре білуге, буынға бөлуге, дыбыстардың түрлерін	Дидактикалық ойын: «Орын тап». Міндеттері: Сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын толықтыру. Дағды: сұраққа толық жауап беруге	Дидактикалық ойын: «ЖАҚСЫ – ЖАМАН» Міндеттері: Балалардың табиғатта өзін-өзі ұстау тәртібі туралы білімін нығайту. Дағды: адамның іс-әрекеті

және таратпалы суреттер құрастыру т.б.)	сай тізбекке, шеңберге, қатарға тұру дағдыларын жалғастыру. Ойынның шарты: Бір-бірінен белгілі бір қашықтықта екі сызық сызылады. Бір сызыққа ұлдар, екінші сызыққа қыздар тұрады. Жүргізуші орталарына тұрады. Ұлдар тобы – «түн», ал қыздар тобы – «күн». Жүргізуші белгісімен ойын басталады: «Түн!» дегенде, қыздар ұлдарды ұстап алуға, «Күн!» дегенде, ұлдар қыздарды ұстап алуға тарасады. Ұсталғандар қарсыластарының командасына көшеді.	тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Дағды: Уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру. Ойынның шарты: Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар. Алдымен көктем, одан кейін ... Алдымен күн..., одан кейін... Алдымен дүйсенбі, одан кейін ... Алдымен бүгін, одан кейін ... Алдымен қаңтар, одан кейін ... Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады:	есте сақтауға жаттығулар жасату арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Дағды: Дыбыстық сызба бойынша жұмыс жасату арқылы дыбыстық талдау дағдыларын дамыту. Ойынның шарты: Көрнекілігі: «Балабақшада», «Мектеп», «Жазғы орманда», «Дүкенде» тақырыптарындағы мазмұнды суреттер. Педагог балаларға суретті көрсетіп, жай сөйлемді құрап айтады, мысалы: Әсем келе жатыр. Балалар сөйлемді қайталап, бір-екі сөзді қосып айтады, мысалы: Әсем балабақшаға келе жатыр. Келесі бала тағы бір-екі сөйлемді қосады. Әсем балабақшаға анасымен келе жатыр. Кім ең үлкен сөйлемді құрап айтса, жеңімпаз болады.	дағдыландыру. Ойынның шарты: Дала құстары мен үй құстарын бөліп, әрқайсын өз орындарына орналастыру. Балалардан құстарды дауысынан танып, атауларын сұрайды. Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ. Ку-кук, ку-кук. Қарқ-қарқ.	мен табиғаттың арасындағы байланысты түсіну қабілеттерін қалыптастыру дағдыларын жетілдіру. Ойынның шарты: Табиғат аясындағы мінез-құлықтың сызбалық ережелерін көрсетеді. Балалар суреттерге қарап, онда не бейнеленгенін жан-жақты баяндап береді. Нені істеуге болатынын, нені болмайтынын айтады. Себебін түсіндіріп береді.
Балаларды үйге қайтару. Уақыты: 12.25 – 12.30					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару. 12:25-12:30	Ата –аналарға кеңес: «Баламен бірге жазғы демалыста» Жаз - жылдың керемет мезгілі. Отбасылық демалыс – бұл өз балаңызға ең көп уақыт бөлетін кезіңіз. Бұл көптен күткен ерекше оқиғаны Сіздің балаңыз жыл бойы аңсап келді. Жазда балалардың жазғы лагерге шығуына, туыстарға баруға, өзенге шомылып, орманда қыдыруға тамаша мүмкіндіктер туады.	Ата –аналарға кеңес: «Баламен бірге жазғы демалыста» ЖОЛДА АБАЙ БОЛ! Жолдағы қауіпсіздік – бұл ата-аналар немесе қамқоршылардан үлкен жауапкершілікті талап ететін міндет, бұл қауіпсіздікті елеусіз қалдыруға болмайды. Балаңыздың бойында жолда, көшеде тәртіпті, ұқыпты, сақ және байқампаз болуға деген қажеттілікті	Ата –аналарға кеңес: «Баламен бірге жазғы демалыста» СУ ҚОЙМАЛАРЫНЫҢ ЖАНЫНДА АБАЙ БОЛЫҢЫЗ! Балаларды караусыз қалдырмаңыздар! Су қоймаларының маңайында жалғыз серуендеуге рұқсат бермеңіздер. Суда балалармен бірге серуендеу кезінде оларды қарап отырыңыз, әсіресе,	Ата –аналарға кеңес: «Баламен бірге жазғы демалыста» Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден бастал ады. Себебі ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды. Ы.Алтынсарин 1.Балаға дұрыс тәрбие беру – ата-ананың моральдық қана емес, заң жүзіндегі	Ата-анаға ұсынымдар: «Баламен бірге жазғы демалыста» — Балаңызды жетістіктері үшін емес, ол қандай болса да жақсы көретінін білді көрсетіңіз. — Балаңызды басқа баламен салыстырмаңыз. — Балаңызбен күнде бірге болуға уақыт табыңыз. — Баланы жетістіктері үшін мақтаңыз. Бала жетістікке жеткенде сіздің қолдауыңызды сезінуі тиіс.

	Шақырайған күннің көзі, суық су, жәндіктер, тез бұзылатын тағамдар сияқты әр түрлі қауіп-қатерлер де жоқ емес. Балалар үшін жазда қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ең алдымен - ата-ананың міндеті. Егер сіз жазда демалысқа жіберетін болсаңыз – онымен суда, күн көзінде, жолда, орманда, тауда жүрудің ережелері туралы әңгімелескеніңіз жөн.	тәрбиелеуге тырысыңыз. Балаға жаяулар үшін де, көлік жүргізушілері үшін де ережелер бар екендігін үнемі ескертіп отырыңыз. Балаға көшеде қараумен бірге көшеде естуді де үйретіңіз: баланың жақындап қалған көлікті естімеуінен болған қайғылы оқиғалар көп болғанын есіңізде ұстаңыз. Балаға қарауды үйретіңіз. Балада қатаң дағды қалыптасуы тиіс: жаяу жүргіншілер жолынан шығар алдында алға қадам жасамас бұрын басын оңға, солға бұрып жан-жағын, жолдың барлық бағыттарын қарайды. Бұл балада автоматизмге дейін үйретілген болуы тиіс. Өзіңіз де қатаң есіңізде сақтаңыз және балаңызға да үйретіңіз: кез келген көлік түріне міну үшін де, одан шығу үшін де көлік толық тоқтауы керек. Жүріп келе жатқан көліктен неліктен секіріп түсуге болмайтынын түсіндіріңіз. Балалардың жолда бағдарлануына, жолда сақ және мұқият болуға үйретіңіз, ешқашан жақын келе жатқан көліктің алдынан жүгіріп өтуге болмайды, жаяу жүргіншілердің жол қиылыстарында, жолды жаяу кесіп өтерде немесе жолдардың түйіскен жерлерінде құлаққапты алу керек.	суға шомылу кезінде жалғыз қалдырмаңыздар. Тіпті суы таяз жерде де олармен бірге болыңыздар. Сырғанауға арналмаған заттармен сырғанақ тебуге жол бермеңіз. Сақ болыңыздар, балаларға көмек керек болып жатса, оған немқұрайлы қарамаңыздар. Келеңсіз оқиғалардың алдын алу үшін бірнеше қағидаларды есте сақтаған жөн: Демалыс орындарын, судың тереңдігін, су түбінде тырбиған ағаш, балдыр немесе балшық жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Таныс су қоймаларының арналары мен түбі жыл сайын өзгеріп тұруы мүмкін. Суға шомылып жүрген балаларды ересектер үнемі бақылауда ұстауы тиіс. Егер ересек балалар өз беттерімен шомылуға кетіп бара жатса, құтқарушы мен медбике посты бар жағажайларға баруын қадағалаңыздар. Балаларға жүзуді үйретіңіз, сонымен қатар әр түрлі төтенше қиын жағдайлардағы жүріс-тұрыс ережелерін де үйретіңіз. СУДАДЕМАЛА ЖҮРІП, ЖАҒАДА НЕМЕСЕ СУДЫҢ ІШІНДЕ ТӨНЕТІН	міндеті; 2.Бала тәрбиесі мәселесінде ата-ана арасында толық келісім болуға тиіс; 3.Баланың бойындағы ізгілік, жақсылық атаулының бәрін, оның үлгілі болуға тырысқан талабын көтермелеп отыру керек; 4.Баланың адал да ізгі адам болып өсуі үшін оған ата-анасы үлгі болуға тиіс; 5.Баланы еңбекке құрметтеу мен сүю рухында жас кезінен тәрбиелеп, оның бойына адамгершілік және рухани мәдениеттің негізін, қоғамдағы мінез-құлық дағдыларын дамыту керек; 6.Ересектер балаларды күн сайын сипайылыққа, сергектікке, үлкендерді құрметтеуге, әділдікке өз үлгісімен тәрбиелеп отыруға тиіс; 7.Үйдегі жайлылық пен салауаттылықтың алғы шарттары – тазалық пен тәртіп, сондай-ақ барлық отбасы мүшелерінің тату-тәтті тұруға ұмтылуы; 8.Үй ішіндегі татулық күйеуіне де, әйелге де байланысты. Оның бірінші шарты - өзара сенім, құрмет, өзара түсіністік және, әрине сыпайы, әдепті мінез-құлық; 9.Сыпайылық және әдептіліктің ережелерін сақтау табиғи, емін-еркін болып, ешбір жағдайда екі жүзділікке, өтірік	— Бала бойында сенімділікті орнатыңыз: мысалы: "Мен-ақылдымын", "Мен-батылмын", "Менің қолымнан бәрі келеді". — Баланы жақсы көріңіз! Баланың ата-анасы емес досы болуға тырысыңыз. — Өз балаңызға сеніңіз. Сіздің сеніміңіз баланың жағымды істерін жүзеге асыруға көмектеседі. — Баланы құшақтап, мақтауды ұмытпаңыз. — Балаға түсінуге мүмкіндік беріңіз: "Егер саған қиындық туындаса, мен саған міндетті түрде көмектесем және міндетті түрде түсінік танытам, және де біз бірге барлық қиындықтарды бірге жеңеміз. Балаңызға көптеген мүмкіндіктермен өзіңізге сенім! Сізге әрқашан сәттілік".
--	---	---	---	--	---

		Егер сіздің балаңыз жол көлік оқиғасының қатысушысы, куәгері болған жағдайда психолог маманның кеңесіне жүгініңіз. Психолог қорқыныш пен үрейді жеңуге көмектеседі.	ҚАУІП-ҚАТЕР БАР ЕКЕНДІГІН ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ. ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ–СУ ҚОЙМАЛАРЫНДАҒЫ АДАМДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ БАСТЫ ШАРТЫ.	ұялшақтыққа негізделмеуге тиіс; 10.Тату-тәтті тұру үшін ұстамды болып, өзін-өзі билей білу керек.	
--	--	---	---	--	--

Мектепалды 0 «Ә» сыныбының тәрбиешісі: Каракушикова А.